

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу жөніндегі нормативтік құжатты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2019 жылғы 22 ақпандағы № 26-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 26 ақпанда № 18349 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2023 жылғы 17 ақпандағы № 29-НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 17.02.2023 № 29-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-16) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі туралы ереженің 16-тармағының ведомстволар функцияларының 489) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу жөніндегі нормативтік құжатты бекітсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Сәулет, қала құрылысы және құрылыс басқармасы заңнамада белгіленген тәртіппен

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасарына жүктелсін

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму министрлігінің
Құрылыс және тұрғын үй-
коммуналдық шаруашылық істері
комитетінің төрағасы*

М. Жайымбетов

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникация министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылық министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылыми министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрлігінің Құрылыс және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық істері комитеті
төрағасының
2019 жылғы 22 ақпандағы
№ 26-НҚ бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу жөніндегі нормативтік құжат

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізудің нормативтік құжаты (бұдан әрі – Нормативтік құжат) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрының жүйесін жүргізуге бағытталған барлық іс-шараларға таратылады және Қазақстан Республикасының Үкіметінің шешімімен құрылған мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 244 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізудің және одан ақпарат және (немесе) мәліметтер ұсынудың қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде тіркелген нөмірі №11111) 8-тармағында анықталған базалық субъектілері пайдалану үшін міндетті болып табылады.

2. Осы нормативтік құжат мемлекеттік қала құрылысы кадастрын және оның автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жүргізу жөніндегі техникалық аспектілерін, құрылымы мен мемлекеттік қала құрылысы кадастрының деректер қорының негізгі мазмұнын, деректерді жаңарту тәртібін, техникалық және бағдарламалық құралдарға қойылатын жалпы талаптарды, басқа деректер қоры мен ақпараттық жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылының негізгі қағидаларын анықтайды.

3. Осы Нормативтік құжатта мынадай негізгі түсініктемелер пайдаланылады:

1) Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі картографиялық және атрибуттық кеңістік-үйлестірілген деректерді (геокеңістік деректерді) жинау, сақтау, өңдеу, қол жеткізу, бейнелеу және таратуды қамтамасыз ететін мемлекеттік қала құрылысы кадастрының мамандандырылған ақпараттық жүйесі;

2) атрибуттық (сипаттамалық) деректер – мемлекеттік қала құрылысы кадастры объектісінің сапалық және/немесе сандық сипаттамаларының жиынтығы;

3) деректер қоры – деректердің сипаттамасын, сондай-ақ олардың объектілері арасындағы өзара байланысты көрсететін нормативтік талаптармен белгіленген құрылымға сәйкес құрылған деректер жиынтығы;

4) кеңістік деректерді топтастыру – автоматты немесе қол режимдерінде кеңістік объектілер туралы графикалық және атрибуттық деректерді жалпы жинақтау;

5) геоақпараттық жүйе (географиялық ақпараттық жүйе) – Жер туралы, жер бетінің объектілері, шынайы әлемнің табиғи, техногендік және қоғамдық процестері мен құбылыстары туралы кеңістіктік ақпаратын жинауды, жинақтауды, сақтауды, талдауды және таратуды қамтамасыз ететін бағдарламалық жүйе;

6) аумақты пайдалану – қызметтің (функциялардың) анықталған түрлерінің аумақтарында жүзеге асыру;

7) кадастрлық анықтама – қала құрылысы кадастрының сұрау салынатын ресми мәліметтерін қамтитын және белгілі бір аумақта қолданылатын қала құрылысы регламенттерін, қала құрылысы қызметін жүзеге асыру жағдайларын, жер учаскелерін және оларда орналасқан жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалану жөніндегі талаптар мен шектеулерді, басқа анықтамалық мәліметтерді сипаттайтын құжат;

8) мемлекеттік қала құрылысы кадастрының есепке алу объектілері, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің жобаланатын, салынатын және бар объектілері және олармен/онымен байланысты құжаттама;

9) кеңістік деректер – сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің объектісі туралы соның ішінде орналасуы мен қасиеттері, кеңістік және кеңістік емес атрибуттары туралы мәліметтерін қамтитын мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қамтылған ақпарат;

10) аумақтың жағдайы – оның компоненттерін құрайтын қасиеттердің жиынтығы (табиғи ландшафттар, салынатын құрылыстар, көліктік және инженерлік инфрақұрылым, абаттандыру);

11) әкімшілік аумақ – әкімшілік-аумақтық бөліністегі шекаралармен шектелген аумақтың бөлігі;

12) елді мекеннің әкімшілік аумағы - елді мекеннің әкімшілік-аумақтық бөлінісіндегі шекарамен шектелген аумақтың бөлігі;

13) топографиялық жоспар – тиісті масштабта орындалған, жер жоспарының растрлық немесе векторлық бейнесі түсірілген электронды карта түріндегі картографиялық (топогеодезиялық) негіз.

4. Мемлекеттік қала құрылысы кадастры Қазақстан Республикасы кадастрларының мемлекеттік ақпараттық-құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

5. Мемлекеттік қала құрылысы кадастры бірыңғай жүйе бойынша жүргізіледі және республикалық, облыстық, аудандық (облыстық) және базалық (елді мекендер, республикалық маңызы бар қалалар мен астананы қоса алғанда) кадастрды қоса алғанда төрт деңгейлі бірыңғай жүйені айқындайды.

6. Жоғары деңгейдегі мемлекеттік қала құрылысы кадастрының ақпараттық негізі төмендегі деңгейлердегі мемлекеттік қала құрылысы кадастры болып табылады.

Республикалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылысы кадастрының объектісі Қазақстан Республикасының барлық аумағы және облыстар мен әкімшілік орталықтарының арасындағы коммуникациялық байланыстар болып табылады.

Облыстық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылысы кадастрының объектілері облыс аумағы және аудан мен аудан орталықтары арасындағы коммуникациялар байланысы болып табылады.

Аудандық (облыстық) маңызы бар мемлекеттік қала құрылысы кадастрының объектілері аудан аумақтары мен елді мекендер арасындағы коммуникациялық байланыстар болып табылады.

Базалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылысы кадастрының объектілері тікелей елді мекендердің аумақтары болып табылады.

7. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының барлық аумақтық деңгейдегі жүйесінің тұтастығы кадастрды жүргізудің біртекті құқықтық, нормативтік және әдістемелік базасымен, сондай-ақ нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық құжаттармен бекітілген мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізудің технологиясына қойылатын тиісті талаптарды сақтауды қамтамасыз етеді. Әрбір деңгейдегі қала құрылысы кадастры сол деңгейге тән міндетті мәліметтер жиынтығынан құралады.

8. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының жүйесіне ақпарат жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамалармен бекітілген ресми құжаттардан, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерден, мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және мемлекеттік кадастрлардан, ақпараттық қызметтерден (мемлекеттік статистика органдары және т.б.) келіп түседі, бұл ретте, сілтеме ақпарат көздеріне міндетті болып табылады және мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі тіркеледі.

2-тарау. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының жүйесін құру тәртібі

9. Бастапқы кезеңде мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізуді жүзеге асыру үшін құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық аспектілерді қамтитын мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу бойынша жұмыстар жүргізіледі.

10. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын құру жөніндегі жұмыстардың құқықтық аспектісі жұмыстарды нормативтік құқықтық қамтамасыз етуден тұрады және мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу жөніндегі нормативтік және әдістемелік құжаттарды әзірлеу мен бекітуді, мемлекеттік кадастр мен ақпараттық жүйелермен ақпараттық өзара іс-қимылының тәртібін қамтиды.

11. Ұйымдастырушылық аспект мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуден және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісуден, мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жүргізуге арналған техникалық тапсырмаларды әзірлеуден, мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу бойынша жұмыстар жоспарын құрудан тұрады.

12. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жүргізудің техникалық аспектілері:

1) Мемлекеттік қала құрылысы кадастры жүйесінің техникалық жобасын әзірлеу, мамандандырылған (қосалқы) бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, аспаптық (техникалық, бағдарламалық және т.б.) құралдарды таңдау және сатып алу, жүйені жүргізуді;

2) деректердің құрамын нақтылау және мемлекеттік қала құрылысы кадастрының ақпараттары жіктеуішін әзірлеуді;

3) деректер қорын жобалау және қалыптастыру, ақпаратты алу, жүктеу және жүргізу жүйесі үшін қажетті ақпараттарға ие ұйымдармен ақпараттық өзара іс-қимылды ұйымдастыруды;

4) Ақпараттық-коммуникациялық ортаны қалыптастыруды қамтиды.

13. Мемлекеттік қала құрылысы кадастры үшін мынадай негізгі жұмыстарды кезең-кезеңмен орындауды қарастыру қажет:

1) мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жүргізу;

2) Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізудің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздерін белгілейтін нормативтік құжаттарды сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органдар әзірлеп, қабылдайды;

3) Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне қосуға жататын мемлекеттік қала құрылысы кадастрының барлық деңгейлері бойынша қолда бар ақпараттарды түгендеу

4) бағдарламалық және техникалық құралдарды сатып алу және орнату;

5) графикалық деректер қорын қалыптастыру;

6) атрибутивті деректер қорын толтыру және мемлекеттік қала құрылысы кадастрының негізгі компоненттерін сынама пайдалану;

7) өзара іс-қимыл схемасы мен тетігін әзірлеу және деңгейлер бойынша деректерді беру;

8) тәжірибелі-өнеркәсіптік пайдалану (келіп түскен ақпаратты тіркеу, басқа да жүйелермен өзара іс-қимылды ұйымдастыру);

9) мемлекеттік қала құрылысы кадастрын ақпаратпен толтыру;

10) мемлекеттік қала құрылысы кадастрынан мәліметтерді ұсыну;

11) Графикалық материалдарды интеграциялау және тиісті санаттары бойынша цифрлық жоспарлы негізді құру;

12) Базалық кадастрға сәйкес тиісті санаттар бойынша жоспар жасай отырып құрылыс салынған аумақта жерасты және жерүсті коммуникацияларын түгендеу.

14. Қала құрылысы кадастрының геоақпараттық дерекқорында Қазақстан Республикасының аумағында жерүсті және жерасты кеңістігінде орналасқан қолда бар, жоспарланып отырған және жобаланатын құрылыс объектілері (қайта жаңарту) немесе қала құрылысын жобалау объектілері туралы кеңістіктік ақпаратты қамтиды.

15. Барлық аумақтық деңгейлердегі мемлекеттік қала құрылысы кадастрында кеңістік деректерді жинау, өңдеу, сақтау, өңдеу, қол жеткізу, бейнелеу және тарату әдістеме бойынша мамандандырылған бағдарламалық-аппараттық кешендер базасында құрылатын мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі көмегімен жүзеге асырылады.

16. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі үш негізгі қосалқы жүйеден тұрады:

электронды құжат айналымның қосалқы жүйесі;

геоақпараттық қосалқы жүйе;

интеграциялық қосалқы жүйе.

Құжаттарды жүргізу, іздеу, бақылау, талдау және беруге арналған электронды құжат айналымының мынадай модульдері бар:

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорында сақтауға немесе қалыптастыруға жататын құжаттар анықтамасы қала құрылысы қызметінде пайдаланылатын құжаттардың стандарттық формаларын құруға, сақтауға және пайдалануға арналған;

құжаттармен (өтініштермен) жұмыс жасаудың типтік регламенттерінің анықтамасы қала құрылысы қызметінің істері мен құжаттарын қарау және олармен жұмыс істеу процестерін унификациялау;

кадастрлық істер мен құжаттарды тіркеу, сақтау және бақылау модулі, қала құрылысы қызметінің процесінде пайдаланылатын немесе қалыптастырылатын құжаттармен және істермен жұмыс істеу үшін.

17. Электрондық құжат айналымы жүйесінің құрылымы және кадастрлық құжат айналымының құрылымдық схемасы нысаналы мақсаттары бар сақтауға жататын деректер типінің сипаттамасы берілген кестелер тізбесін қамтитын осы Нормативтік құжатқа 1-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қала құрылысы кадастрының кадастрлық құжат айналымына сай қабылданады. Құжаттар кеңістіктік және атрибутивтік деректерге жалғануы тиіс.

18. Кеңістіктің ақпаратты жүргізуге және талдауға арналған геоақпараттық қосалқы жүйе геоақпараттық жүйелер үшін айқындалатын форматтарда берілген (*.mdb, *.gdb). Мемлекеттік қала құрылысы кадастры жүйесіндегі есепке алынған қала құрылысы объектілері туралы мәліметтер графикалық және атрибутивтік деректердің жиынтығы түрінде ұсынылды.

19. Геоақпараттық жүйелер қосымшалары пайдаланушыға мынадай мүмкіндіктер береді:

- 1) картографиялық ақпараттың кеңістіктік деректерін графикалық ұсыну;
- 2) картографиялық ақпаратты жүргізу;
- 3) картографиялық объектілердің атрибутивтік деректерін ұсыну;
- 4) кеңістіктік ақпаратты талдау;
- 5) кеңістіктік деректерге бірлесіп қол жеткізуді және басқаруды ұйымдастыру ;

б) бірдей кеңістіктік базаны бір уақытта редакциялаудың жалғаспалы сеанстарды (транзакцияларды), деректердің баламалы нұсқаларын, өзгерістер тарихын қолдай отырып бірнеше жүйе пайдаланушылардың бірлесіп редакциялауы

7) векторлық және растрлы деректер сияқты өте үлкен көлемдерді осы деректерге тез қол жеткізуді сақтай отырып, әсіресе үлкен көлем ішінен шектеулі таңдай отырып сақтау;

8) ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету.

Атрибутивтік деректер қорының құрылымы және құрылымдық схемасы осы Нормативтік құжатқа 2 қосымшаға сәйкес қабылданады.

20. Графикалық түрде бейнеленетін объектілердің кеңістіктік жағдайын белгілейтін көрсеткіштер объектілердің графикалық деректері болып табылады. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының ақпараттық бірлігі тиісті масштабтағы графикалық деректер қорында бекітіледі және көрсеткіштер тізбесінде

сипатталады. Республикалық, облыстық, аудандық және базалық мемлекеттік қала құрылысы кадастрының графикалық деректерінің құрылымы осы тиісінше Нормативтік құжатқа 3, 4, 5 және 6-қосымшаларына сәйкес қабылдануы қажет.

21. Интеграциялық қосалқы жүйеге мына функционалдық модульдер кіреді:

1) ақпарат импортының модулі картографиялық объектілердің атрибутивтік және графикалық ақпаратын геоақпараттық қосалқы жүйеден электронды құжат айналымының қосалқы жүйесіне беруге арналған;

2) ақпарат экспортының модулі мемлекеттік қала құрылысы кадастрын есепке алынған объектілерін тіркеу барысында электрондық құжат айналымының қосалқы жүйесінде жиналған деректерді геоақпараттық қосалқы жүйеге беруге арналған. Деректерді беру қала құрылысы кадастрының объектілері пайдалануға тапсыру-қабылдау процесінен өткеннен кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін;

3) электронды құжат айналымының қосалқы жүйесінің функцияларын геоақпараттық қосалқы жүйеден шығару модулі Қазақстан Республикасы мемлекеттік қала құрылысы кадастрын есепке алынған объектінің тиісті карточкасын шығару арқылы келтірілген картографиялық объектке арналған электрондық құжат айналымының қосалқы жүйесінен мәліметтерді "шығару".

4) картографиялық есептер модулі – есептерді құруға, қалыптастыруға және экранға шығаруға арналған құрал болып табылады.

22. Қала құрылысы кадастрының есепке алынған объектілері белгілі бір аумақтағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің барлық қолданыстағы, салынып жатқан және жобаланатын объектілер және олармен байланысты сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және нормативтік құқықтық құжаттарында белгіленген (айқындалған) ресми құжаттар болып табылады.

23. Осы Нормативтік құжатта келтірілген деректердің құрамы және олардың құрылымын қолдануға міндетті.

24. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі есептік құрылымдық-аумақтық бірліктер және барлық типтегі есептік кадастрлық объектілер туралы графикалық және атрибутивтік деректерді жалпыландыруды және Қазақстан Республикасының Үкіметімен, орталық және жергілікті атқарушы органдармен, басқа да пайдаланушылармен заңнамада белгіленген тәртіппен айқындалатын нақты міндеттерге байланысты тақырыптық схемалар, кестелер мен мәтіндік құжаттар түрінде ұсынуды қамтамасыз етеді.

25. Мемлекеттік қала құрылысы кадастры деректерін жалпыландыру (жалпылау) қойылған міндеттерді ескере отырып, автоматтық немесе қол режимдерінде жүргізіледі

26. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын объектілерін кеңістіктік жалғауды World Geodetic System 1984 координаттар жүйесінде немесе координаттардың жергілікті (локалды) жүйелерінде орындау қажет.

3-тарау. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін ақпараттық қамтамасыз ету

27. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін автоматтандырылған режимде мемлекеттік қала құрылысы кадастрының жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін мына жалпы талаптарға сәйкес кеңістіктік, атрибутивтік деректер мен көрсеткіштерді енгізу, бақылау, өзектендіру, сақтау, өңдеу және ұсыну функцияларын іске асыруы тиіс:

1) мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің барлық өңдеуші процедураларында ақпараттың нақтылығын дәйектілігі, сақталуы және толықтығы;

2) мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің барлық компоненттеріндегі, картографиялық фонкартографиялық деректер;

3) диалогтық терезелердің, ақпаратты енгізу мен бейнелеу формаларының бірыңғай интерфейсі;

4) аппараттық және бағдарламалық істен шығу кезінде мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің деректер қорларын қалпына келтіру;

5) пайдаланушының санатына байланысты рұқсат етілмеген қолжетімділікті қорғау (пайдаланушыларды сәйкестендіру);

6) картографиялық ақпарат – автоматтандырылған геоақпараттық жүйені өңдеу және жүргізу процедурасы үшін мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуінің технологиялық негізі.

28. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің ақпараттық жасақтамасы қала құрылысы объектілері, базалық сипаттамалар, нормативтік-анықтамалық ақпарат (сыныптауыштар) және мемлекеттік қала құрылысы кадастрының ақпараттық ресурстарын қалыптастыруды және өзектендіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпараттық технологиялар туралы мәліметтер жиынтығы болып табылады.

29. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің ақпараттық қамтамасыз етуді әзірлеу кезінде мына талаптар орындалуы тиіс:

1) ақпаратты орталықтан сақтау және өңдеу;

2) жүйенің жекелеген компоненттерінің арасында деректермен алмасу мүмкіндігі, сондай-ақ шешімдерді қабылдау типіне және деңгейіне байланысты оларды біріктіру;

3) деректерді ұлғайту және жаңа ақпараттық байланыстарды ұйымдастыру арқылы ақпараттық базаны дамыту;

4) деректерді берудің жылдамдығы

5) сақталатын деректердің өзектілігі және қайшылығы.

Жоғарыда келтірілген талаптарға қол жеткізу үшін:

1) қала құрылысы жағдайын тұрақты мониторингілеу, құжаттардың, анықтамалардың және жүйенің басқа да ақпараттық объектілерінің деректеріне енгізілетін өзгерістердің ретроспективаларын сақтау және өзгерістер енгізудің негіздемелері мен орындаушыларын тіркеуді;

2) терминологиялық, классификациялық, картографиялық, лексико-семантикалық деңгейлерде және деректер типтерін сипаттау деңгейінде жүйенің барлық элементтерінің ақпараттық үйлесімдігі есебінен жүзеге асырылуы тиіс.

30. Жалпы жүйелік бағдарламалық қамтамасыз ету мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің техникалық құралдарының барлық кешенін және мамандандырылған қолданбалы бағдарламалық жасақтамасының жұмыс істеуін, сондай-ақ бастапқы деректердің алғашқы дереккөздері болып табылатын ұйымдармен және кадастрлық ақпаратты тұтынушылармен ақпарат алмасуды қолдауды желілік режимде қамтамасыз етуі тиіс нарықтағы операциялық жүйелер және бағдарламалық құралдар негізінде құрылуы тиіс.

31. Мамандандырылған қолданбалы бағдарламалық жасақтама мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің алдында тұрған нақты міндеттерді шешеді және мына талаптарға жауап беруі тиіс:

1) сенімділік – ақпараттың сақталуын, дәйектілігін және аппараттық немесе бағдарламалық істен шыққан жағдайда ақпаратты қайта қалпына келтіруді қамтамасыз ету, персоналдың қателерінен және біліксіз әрекеттерінен қорғау;

2) функционалдылық – пайдаланушылардың талаптары мен біліктілік деңгейіне сәйкестілік (функциялар жинағы, жұмыстың ыңғайлылығы мен жеңілдігі, игеру жылдамдығы бойынша);

3) икемділік – пән саласының өзгерістеріне кодтарды барынша аз өзгерте отырып жылдам бейімделу мүмкіндігі (ақпараттың жаңа массивтеріне қосылу, іске асырылатын функциялардың тізбесін кеңейту, қолда бар функцияларды, жабдықтардың әр түрлі түрлерімен үйлесімділікті модификациялау);

4) көп пайдаланылатын режим – деректердің бүтіндігін, олардың дәйектілігін және ақпарат пен жүйенің функционалдық мүмкіндіктеріне қол жеткізудің пайдаланушылық өкілеттіктерін бақылауды қамтамасыз ете отырып бірнеше пайдаланушыға бір уақытта жүйемен жұмыс істеу мүмкіндіктерін ұсыну.

32. Қолданбалы бағдарламалық жасақтама өзегін деректердің графикалық және кестелік-мәтіндік қорларын басқарудың қосалқы жүйелері, сондай-ақ қосалқы жүйелер, базалық геоақпараттық жүйе мен деректер қорының басқару жүйесі арасындағы интерфейсті бағдарламалық қамтамасыз ету құрайды.

Базалық геоақпараттық жүйе ретінде кеңістіктік деректер ауқымын деректер қоймасында деректер қорының басқару жүйесі негізінде сақтауды, өңдеуді және редакциялауды қамтамасыз ететін жүйе пайдаланылуы тиіс.

Деректер қорының басқару жүйесі ретінде Structured query language – интерфейсті қолдайтын және ақпаратты қорғау мүмкіндігін қамтамасыз ететін жүйелер пайдаланылуы тиіс.

Геоақпараттық жүйелер және деректер қорының басқару жүйесі осы Нормативтік құжатқа 7-қосымшаға сәйкес үйлер мен ғимараттардың функционалдық мақсаттағы жіктеуішінде келтірілген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

33. Әкімшілендірудің бағдарламалық құралдары мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жүргізудің технологиялық процесін жалпы басқаруды қамтамасыз етуі тиіс және мына функцияларды іске асыратын бағдарламалық модульдерді қамтиды:

1) жүйені конфигурациялауды баптау (қосу, өшіру, бұғаттау, бұғаттан босату, жұмыс орындарын реконфигурациялау);

2) пайдаланушылармен жұмыс істеу (тіркеу, парольдерді белгілеу, ақпаратқа қол жеткізу өкілеттіктерін белгілеу және өзгерту);

3) деректер қорларын тестілеу, ақпараты деректер қорларының жағдайы бойынша беру;

4) деректер қорларын көшіру/қалпына келтіру.

34. Ақпаратты енгізудің бағдарламалық құралдары автоматтандырылған режимде қамтамасыз етуі тиіс:

1) деректердің алғашқы дереккөздері болып табылатын ұйымдардан берілетін қала құрылысы кадастрының бастапқы деректерін енгізу және түрлендіру;

2) телекоммуникациялық каналдар бойынша берілетін бастапқы деректерді қабылдау;

3) экрандық формаларды пайдалана отырып әліпбилік-цифрлық ақпаратты енгізу;

4) растрлы төсем бойынша картографиялық ақпаратты енгізу;

5) картографиялық ақпаратты векторлық төсем бойынша енгізу, векторлық төсем ретінде қала құрылысы кадастрының бастапқы деректерінің кез келген қорларынан картографиялық ақпарат пайдаланылуы мүмкін;

6) картографиялық ақпаратты енгізу процесіндегі геометриялық құрылыстар;

1) типтік элементтер кітапханаларынан немесе қала құрылысы кадастрының бастапқы деректерінің басқа да қорларынан алынатын картографиялық ақпаратты қою;

7) картографиялық ақпаратты енгізу процесінде кадастрлық учаскелер мен аудандарды дисплей экранында көрсету;

2) енгізілетін картографиялық ақпаратты базалық топожоспарға (кадастрлық картографиялық фонға) автоматты түрде жалғастыру.

35. Бастапқы ақпаратты қайта өңдеудің бағдарламалық құралдары автоматтандырылған режимде:

1) ақпаратты мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде пайдаланылатын форматтарға түрлендіруді;

2) бастапқы ақпаратты тарату және мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің бастапқы деректер қорларына жүктеуді қамтамасыз етуі тиіс.

36. Ақпаратты шығарудың бағдарламалық құралдары автоматтандырылған режимде:

1) кестелік және картографиялық құжаттарды шеткері құрылғылардың түрлі типтеріне шығаруды;

2) кестелік ақпаратты шығару кезінде есептерді түрлендіруді;

3) семантикалық ақпаратқа сәйкес кадастрлық карталар мен схемалардың контурларын түрлі түстермен бояуды;

4) семантикалық ақпаратқа сәйкес кадастрлық карталар мен схемаларда сызықтардың түрін, қалыңдығын және түсін өзгертуді;

5) семантикалық ақпаратқа сәйкес кадастрлық карталар мен схемаларда шартты белгілерді орналастыруды;

6) телекоммуникациялық каналдар бойынша беру үшін шығыс ақпаратты түрлендіруді қамтамасыз етуі тиіс.

37. Ақпаратты өңдеудің бағдарламалық құралдары автоматтандырылған режимде:

1) ақпаратты енгізудің жүйелі қателерін автоматты түрде жоюды;

2) контурлық желінің топологиялық құрылымын құруды;

3) қала құрылысы кадастрының бастапқы деректерінің әртүрлі қорларынан алынатын картографиялық ақпаратты біріктіру және түсіруді;

4) кадастрлық құжаттарды (жоспарларды, карталарды, схемаларды) автоматты түрде қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс.

38. Бағдарламалық ақпараттық-анықтамалық құралдар автоматтандырылған режимде:

1) сұранымдарды кестелік ақпараттан картографиялық ақпаратқа іске асыруды;

2) сұранымдарды картографиялық ақпараттан кестелік ақпаратқа іске асыруды;

3) арнайы бейнелеу құралдарының көмегімен дисплей экранында картографиялық ақпаратты визуалдауды қамтамасыз етуі тиіс.

39. Ақпаратты талдаудың бағдарламалық құралдары автоматтандырылған режимде:

1) әр түрлі аумақтық түзілімдер бойынша теңгерімдерді есептеуді;

2) мемлекеттік қала құрылысы кадастрының объектілерін сипаттайтын орташа және қорытынды көрсеткіштерді есептеуді;

3) ақпараттың статистикалық талдауын;

4) қала құрылысы қызметіне байланысты процестерді модельдеуді қамтамасыз етуі тиіс.

40. Әзірленген қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын нақты талаптар жобалаудың кейінгі сатыларында белгіленеді.

41. мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін техникалық қамтамасыз ету бағдарламалық-техникалық құралдар кешенін қамтиды, ол мыналарды қамтиды:

1) құрылымдалған кабель желісінен және желілік белсенді жабдықтан тұратын жергілікті есептеу желісі;

2) бөлінген электрлік қуат беру және жерлендіру жүйесі;

3) мемлекеттік қала құрылысы кадастрының бастапқы деректері мен ақпараттық ресурстарын сақтау және жедел пайдалану үшін диск жадының ауқымдары бар серверлер;

4) ақпаратты архивтеу және резервтік көшіру құралдары;

5) автоматтандырылған жұмыс орындарын орнатылған бағдарламалық жасақтамасы бар жұмыс станциялары;

6) түрлі құжаттаманы басып шығаруға, көшіруге, сканерлеуге арналған шеткері жабдықтар;

7) республикалық, облыстық, аудандық (облыстың) және базалық деңгейлер арасында бірыңғай көлік желісінің байланыстары және/немесе интернет арқылы ақпаратпен алмасу құралдары

42. Серверлер ақпаратты сақтау, өңдеу және алмасу орталықтары болып табылады және шешілетін міндеттердің барлық кешенінің логикалық байланыстарын қамтамасыз етеді, оларға өнімділік пен сенімділік бойынша жоғары талаптар қойылады

Файлдық серверлердің дискілік жадының ауқымдарының жиынтық көлемі Redundant Array of Independent Disks (1 немесе 5 деңгейіндегі, 1+0) пайдалану кезінде қосарлануды ескере отырып қолданыстағы қабат және жобалық қабат сияқты бастапқы деректердің барлық қорларын, сондай-ақ МҚК ақпараттық ресурстарын сақтауды және оларға жедел қол жеткізуді қамтамасыз етуі қажет.

43. Кадастрлық ақпаратты архивтеу және резервтік көшіру құралдары жергілікті есептеу желісінің әкімшісі тобының жұмыс станцияларында орналасуы қажет. Осындай құралдар ретінде, сенімділік үшін бірнеше типтердің жинақтары пайдаланылуы қажет:

қатты дискілерде (винчестерлер);

лазерлік дискілерге жазу құралдары (DVD-RW, Blu-Ray).

44. Құрылымдалған кабель желісі пакеттерді берудің 1 Гбит/сек жылдамдықтарымен жеке компьютерлерді, серверлер мен шеткері құрылғыларды қосуды қамтамасыз етуі тиіс.

Деректер қорының басқару жүйесінің сервері мен қосымшалар серверін, сондай-ақ жұмыс станцияларын жалғастыратын желілік жабдық (коммутаторлар және т.б.) кемінде 1 Гбит/сек өткізу қабілетіне ие болуы тиіс.

Магистралды кабельдік жалғанымдар белсенді жабдықпен бірге (модемдер) пакеттерді берудің 512 Кбит/сек және одан жоғары жылдамдығын қамтамасыз етуі тиіс.

Кабельдік жалғанымдардың барлық қолданылатын компоненттері ANSI/TIA/EIA-568-A 1995 Category 5 стандартының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Аппаратураның барлық интерфейстері мен түйіскен жерлері Халықаралық телефон және телеграф жөніндегі консультативтік комитетінің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

45. Барлық техникалық құралдардың соңғы жинағы мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің жұмыс жағдайында жобалау кезеңінде айқындалады.

46. Серверлердің операциялық жүйесі:

1) 64 биттік серверлік аппараттық платформаларды қолдауды;

2) қолданбалы бағдарламалар жұмысының аппараттық платформаларды нақты іске асырудан тәуелсіз болуын;

3) физикалық іске асырылуға қарамастан телекоммуникациялар мен желілік хаттамалармен жасалатын жұмыстың ашықтығын;

4) қолданбалы бағдарламалардың көп міндетті және көп ағымды жұмысын қамтамасыз етуі тиіс.

Операциялық жүйе орындау уақытының шектеулігін, пайдаланушыларға және іске қосылатын міндеттерге арналған дискілік кеңістікті пайдалану санын қолдауы тиіс.

Операциялық жүйеде орындалатын жүйелік және қолданбалы процестер үшін басымдық деңгейлерінің саны көп болуы тиіс, сондай-ақ серверлер мен деректердің қауіпсіздігі мен қорғалуы бойынша дамыған интеграцияланған мүмкіндіктеріне ие болуы тиіс.

Жүйелік бағдарламалық қамтамасыз ету жиынтығына желілік және ақпараттық ресурстарды басқару құралдары кіруі тиіс.

47. Серверді үздіксіз қуаттаудың қосалқы жүйесі:

электрмен қуаттау өшірілген жағдайда ең кемінде 10 минут ішінде сервер жабдығын электрмен қуаттауды (серверде кеңейтілген жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысының дұрыс аяқталуы үшін қажетті уақыт) ;

жабдықты шамадан тыс күш жұмсалудан қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

48. Жүйенің сенімділігін мына серверлер қамтамасыз етуі тиіс:

- 1) сенімді жабдықты таңдау және оның құрылымдық резервтелуі;
- 2) үздіксіз қуаттау жүйесін ұйымдастыру;
- 3) деректер қорларын резервтік көшіру;
- 4) жүйе ресурстарына қолжетімділікті қатаң регламенттеу;
- 5) есептеу желісінің қауіпсіздігі мен ақпаратты қорғау құралдарын пайдалану;
- 6) басқа техникалық, ұйымдастырушылық немесе әкімшілік іс-шаралар.

49. Деректер қорларын қызметкердің қате әрекеттерінен қорғауға қойылатын талаптар жүйені пайдалануға беруге қатысатын қызметкердің тиісті нұсқаулықтарында болуы тиіс. Бұл нұсқаулықтар:

1) қызметкер функциясының бір мәнді шектеуі;

2) автоматтандырылған жұмыс режимінде және қолмен орындалатын технологиялық операцияларды (меню, сыбыр сөздер, бақылау нүктелері, архивтер және т.б.) орындау кезіндегі орын алатын істен шығу жағдайларындағы әрекеттер туралы нұсқауларды қамтуы тиіс

50. Нормативтік құжатқа 8-қосымшада келтірілген векторлық картадағы объектілерді суреттеу қағидасы.

4-тарау. Кадастрлық ақпаратты қауіпсіз сақтауды қамтамасыз ету

51. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі мақсаты ақпараттың жариялануы, жоғалуы, жайылып кетуі, бұрмалануы және жоюылуы, оны заңсыз пайдалану, оны өңдеу және беру жүйелерінде ақпараттың қолжетімсіз болуына әкеліп соқтыратын техникалық құралдар жұмысының бұзылуы нәтижесінде мемлекеттік мүдделерге келтірілетін зиянды болдырмау болып табылады

52. Мемлекеттік қала құрылысы кадастры жүйесінің ақпараттық қауіпсіздігінің негізгі міндеттері:

1) ақпаратты қолжетімдігі шектеулі қызметтік және коммерциялық құпия санатына жатқызуды;

2) ақпараттық қауіпсіздікке келетін қауіп-қатерлер көздерін, мемлекеттік мүдделерге зиян тигізуге, мемлекеттік қала құрылысы кадастры жүйесін дамытудың қалыпты жұмыс істеуін бұзуға септігін тигізетін себептер мен жағдайларды дер уақытында анықтауды, бағалауды және болжауды

3) ақпараттық қауіпсіздіктің қауіп-қатерлеріне және ақпараттық қатынастар жүйесіндегі жағымсыз үрдістерге жедел әрекет ету тетіктерін құруды;

4) ақпараттық ресурстарға, техникалық құралдар мен ақпараттық технологияларға жасалатын заңсыз қол сұғушылықтарды тиімді тоқтату, сондай-ақ осы мақсаттарда ақпаратты қорғаудың ұйымдастырушылық-құқықтық және техникалық шаралары мен құралдарын пайдалануды;

5) және заңды тұлғалардың заңға қайшы әрекеттерімен мемлекеттік мүдделерге келтірген зияндарын мүмкіндігінше барынша өтеу және ауыздықтау үшін жағдайлар жасауды, ақпараттық қауіпсіздіктің бұзылуының жағымсыз әсерін әлсіретуді және салдарын жоюды қамтамасыз етуі тиіс.

53. Мемлекеттік қала құрылысы кадастры жүйесінде ақпаратты қорғау үшін қажетті шаралар кешені мына негізгі талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс

1) Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының ақпараттық жүйесінде өңделіп енгізілген ақпаратқа рұқсат етілмеген қолжетімділіктен қорғау;

2) өңдеу, сақтау және байланыс каналдары бойынша беру кезінде ақпаратты жайылып кетуден қорғау;

3) ақпаратпен алмасуға қатысатын пайдаланушылардың түпнұсқалылығын қамтамасыз ету (ақпаратты жіберуші мен алушының түпнұсқалылығын растау);

4) ақпаратқа қол жеткізуді қадағалауды және ақпараттық қауіпсіздік бұзылған жағдайда пайдаланушылардың, мемлекеттік қала құрылысы кадастрына қызмет көрсетуші қызметкерлердің және бөгде тұлғалардың әрекеттерінің заңға қайшы екендігін дәлелдеудің мүмкіндігін қамтамасыз ету;

5) ақпараттандыру құралдарының, сондай-ақ ақпаратты қорғау құралдарының ақаулықтары туындаған жағдайда ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету;

6) мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік желілері байланысының мемлекеттік каналдары бойынша ақпаратпен алмасуды жүзеге асыру кезінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

7) электрондық ақпараттық қауіпсіздіктің резервтік көшірмесін дайындауды қамтамасыз ету.

54. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі ұйымдастырушылық, бағдарламалық және техникалық құралдар кешенін және дәстүрлі құжат айнылымы процесінде, мемлекеттік қала құрылысы кадастрында ақпаратты

өңдеу және сақтау кезінде және байланыс каналдары бойынша ақпаратты беру кезінде ақпаратты қорғау жөніндегі шараларды қарастыруы қажет.

55. Ұйымдастырушылық іс-шаралар кешені:

1) құпия сипаттағы жұмыстарға, құжаттар мен ақпаратқа орындаушылардың (пайдаланушылардың, қызмет көрсетуші қызметкердің) қол жеткізуінің рұқсат беру жүйесін белгілеуді;

2) мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу бойынша жұмыс жүргізілетін және құпия сипаттағы ақпарат өңделетін (сақталатын, берілетін) ақпараттандыру және коммуникация құралдары орналастырылған орынжайларға орындаушылар мен бөгде тұлғалардың ақпараттандыру құралдары мен коммуникацияларға тікелей қол жеткізуін шектеуді

3) пайдаланушылар мен қызмет көрсететін қызметкердің ақпараттық ресурстарға, өңдеудің (берудің) бағдарламалық құралдарына қол жеткізуін шектеуді және түрлі деңгейдегі әрі мақсаттағы мемлекеттік қала құрылысы кадастрының ақпаратын қорғауды;

4) ақпараттың дәстүрлі және машиналық тасымалдауыштарын, кілттерді (кілттік құжаттарды) сенімді сақтауды және ұрлауды, айырбастауды және жоюды болдырмайтын олардың айнылымын болжайды.

Серверлік орынжайлар EIA/TIA-569 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5-тарау. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрына ақпаратты ұсынудың нысаны мен тәртібі

56. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының деректері қол жетімділік дәрежесіне қарай үш түрге бөлінеді:

1) ашық түр - бұл жалпыға бірдей және заңды және жеке тұлғалардың сауалы бойынша ұсынылатын ашық ақпарат. Құпиялық сипаттағы (мекенжай деректері, төлқұжат деректері, құны туралы деректер және т.б.) ақпараттардан басқа;

2) қызмет бабында пайдаланатын ақпарат түрі - кадастрлардың және мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізуге қатысатын органдар, ведомстволар және қызмет қызметкерлерінің тек қызметтік жағдайда пайдалануына болатын ақпарат;

3) құпия ақпарат түрі – жабық (құпия) сипаттағы ақпарат, оған стратегиялық маңызы бар (қауіпсіздік, арнайы қызмет объектілері, күш-қуат құрылымдары және т.б.) ақпарат жатады. Бұл ақпарат ұлттық қауіпсіздік органдарында аккредитациядан өткен, мемлекеттік құпияны қорғау бөлімшелері бар органдарға беріледі.

57. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрына қол жеткізуге шектеуі жоқ ақпараты кез келген тұлғаға немесе ұйымға олардың сауалы бойынша беріледі.

Мемлекеттік және коммерциялық құпия санаталатн Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының ақпаратына қол жеткізуге шектеу заңнамада белгіленген тәртіппен айқындалады. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын пайдалану қағаз және (немесе) электронды тасымалдағышта стандартты түрде ресімделген кадастрлық анықтамаларды, тірек кадастрлық ақпаратын қоса және кадастрлық ақпаратқа тікелей қол жетімділік түрінде, қажетіне қарай мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорында ресми тіркелген бағдарламалық-аппараттық құралдарды пайдалана отырып, танысу және алу нысанында жүзеге асырылады.

58. Кадастрлық тірек ақпараты – әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын және қала құрылысы жобаларын және басқа салалық құжаттаманы әзірлеу үшін сұрату (тапсырма) бойынша ұсынылатын аумақты пайдалану жөніндегі кешенді (графикалық және семантикалық) талдау ақпараты.

59. Кадастрлық анықтама пайдаланушылардың сауалы бойынша беріледі, сұралатын мәліметтерден тұрады және ақпараттық сипатта болады.

60. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің ақпараттық-аппараттық кешендерін осы Нормативтік құжатқа 3-тараудың ережелеріне сәйкес қабылдау қажет.

61. Кәсіпорын мемлекеттік қала құрылысы кадастры өзінің жұмысы барысында мемлекеттік қала құрылысы кадастрының бастапқы деректерінің көзі болып табылатын заңды тұлғалармен немесе кадастрлық ақпаратты пайдаланушылармен (тұтынушылармен) өзара әрекет етеді.

62. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының қызметі дерекқорды қалыптастыру және жаңалау үшін орталық және жергілікті атқарушы органдардан белгіленген тәртіпте мемлекеттік қала құрылысы кадастры деректерінің құрамына сәйкес графикалық, статистикалық, мәтіндік және өзге ақпараттарды алуы қажет.

6-тарау. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі мемлекеттік ақпараттық жүйелерімен және ақпараттық ресурстармен өзара іс-қимылы

63. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес мемлекеттік органның бірыңғай көлік желілері арқылы электрондық ақпараттық ресурстармен және басқа мемлекеттік ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

64. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының аумақтық деңгейлері арасында ақпаратпен алмасу арнайы байланыс желілерін пайдалана отырып бірыңғай көлік желісі арқылы жүзеге асырылады.

65. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрына енгізу үшін ақпарат және (немесе) мәліметтерді ұсыну және олардың мерзімі Қағидада реттеледі.

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қала құрылысы
кадастрын жүргізу жөніндегі
нормативтік құжатқа
1-қосымша

Мемлекеттік қала құрылысы кадастрлық құжат айналымы 1.1-кестесі. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының кадастрлық құжат айналымы деректер қорының құрылымы

1 - DOC_ACTIONS			
Өріс	Түрі	Ұзындығы	Сипаттамасы
ID		10	Сәйкестендіргіш
GUID	VARCHAR2	32	Бірегей сәйкестендіргіш
DATE_START	DATE		Тапсырманы орындауға қосатын күн
DATE_DEADLINE	DATE		Бақылау мерзімі
DATE_PERFORM	DATE		Тапсырманы орындайтын күн
WKIND_GUID	VARCHAR2	32	Жұмыстар түрінің сәйкестендіргіші
SUBJECTF_GUID	VARCHAR2	32	Тапсырма авторының сәйкестендіргіші
SUBJECTT_GUID	VARCHAR2	32	Орындаушының сәйкестендіргіші
DOC_GUID	VARCHAR2	32	Құжаттың сәйкестендіргіші
REQUEST	VARCHAR2	255	Тапсырманың қысқаша мазмұны
RESOLUTION	VARCHAR2	255	Орындаушының бұрыштамасы
ACTIONS_ORDER	NUMBER	10	Тапсырманың тізіміндегі реттік нөмірі
2 - DOC_DEPARTMENTS			
Өріс	Түрі	Ұзындығы	Сипаттамасы
ID	NUMBER	10	Сәйкестендіргіш
GUID	VARCHAR2	32	Бірегей сәйкестендіргіш
NAME_RUS	VARCHAR2	32	Орыс тіліндегі атауы
NAME_KAZ	VARCHAR2	255	Қазақ тіліндегі атауы
PARENT_GUID	VARCHAR2	32	Басты бөлімшенің сәйкестендіргіші
DESCRIPTION	VARCHAR2	255	Қысқаша сипаттама
3 - DOC_DKINDS			

Өріс	Түрі	Ұзындығы	Сипаттамасы
ID	NUMBER	10	Сәйкестендіргіш
GUID	VARCHAR2	32	Бірегей сәйкестендіргіш
NAME_RUS	VARCHAR2	1500	Орыс тіліндегі атауы
NAME_KAZ	VARCHAR2	1500	Қазақ тіліндегі атауы
PARENT_GUID	VARCHAR2	32	Бірегей сәйкестендіргіш
PERFORM_TIME	NUMBER	10	Күндер бойынша орындау мерзімі
ANNOTATION	BLOB		Қысқаша сипаттама
LAWS	BLOB		Осы заңнамалық актілер тізбесінің негізінде аталған құжат түрінің күші бар
4 - DOC_DOCS			
Өріс	Түрі	Ұзындығы	Сипаттамасы
ID	NUMBER	10	Сәйкестендіргіш
GUID	VARCHAR2	32	Бірегей сәйкестендіргіш
CORF_GUID	VARCHAR2	32	1-хат-хабар (қағаз кімнен)
CORT_GUID	VARCHAR2	32	2-хат-хабар (кімге арналған)
CREATION_DATE	DATE		Базаға құжатты енгізу күні
DOC_TYPE	NUMBER	10	Құжаттың түрі (0- кіріс, 1 - шығыс, 2 - ішкі)
DOC_KIND_GUID	VARCHAR2	32	Құжат түрінің сәйкестендіргіші
ANNOTATION	BLOB		Қысқаша сипаттама
LANG	NUMBER	2	Тіл (0 – мемлекеттік, 1- орыс, 2- ағылшын, 3 - өзге)
DUPLICATE	NUMBER	1	Телқұжаттың белгісі (0 – телнұсқа, 1 – телқұжат)
APPLICATION	NUMBER	10	Қосымшалардың саны
SHEETS	NUMBER	10	Парақ саны
PRIOTIRY	NUMBER	1	Басымдық (0-төмен, 1 – орташа, 2 –жоғары)
PERSON_GUID	VARCHAR2	32	Құжатты қорға енгізген пайдаланушының сәйкестендіргіші
5 - DOC_DOINGS			
Өріс	Түрі	Ұзындығы	Сипаттамасы
ID	NUMBER	10	Сәйкестендіргіш
GUID	VARCHAR2	32	Бірегей сәйкестендіргіш
NAME	VARCHAR2	255	Істер атауы

PERSON_GUID	VARCHAR2	32	Істі қорға енгізген пайдаланушының сәйкестендіргіші
DEPARTMENT_GUID	VARCHAR2	32	Бөлімшенің сәйкестендіргіші
PART	NUMBER	10	Том
CREATION_DATE	DATE	7	Жасалған күні
ARCHIV_DATE	DATE	7	Мұрағаттау күні
COMMENTS	BLOB		Ескертпе
6 - DOC_EXPORTS			
Өріс	Түрі	Ұзындығы	Сипаттамасы
ID	NUMBER	10	Сәйкестендіргіш
GUIDa)	VARCHAR2	32	Бірегей сәйкестендіргіш
DATE_EXP	DATE	7	Сыртқа шығарылған күні
DATA	BLOB		Мазмұны
a) Guid жолы бұл жерде *.dex форматындағы шығыс файлдың хэшін қамтиды. Бұрын сыртқа шығарылған файлдарды қайтадан сыртқа шығаруды болдырмау үшін қолданылады.			
7 – DOC_FILES			
Өріс	Түрі	Ұзындығы	Сипаттамасы
ID	NUMBER	10	Сәйкестендіргіш
GUID	VARCHAR2	32	Бірегей сәйкестендіргіш
OWNER_GUID	VARCHAR2	32	Сәйкестендіргіштің иесі (құжаттың, істің, сол сияқты нақты субъектіге және т.б. сілтеме жасалады)
DATA	BLOB		Файлдың мазмұны
FILENAME	VARCHAR2	255	Файлдың аты
8 – DOC_LOGS			
Өріс	Түрі	Ұзындығы	Сипаттамасы
ID	NUMBER	10	Сәйкестендіргіш
GUID	VARCHAR2	32	Бірегей сәйкестендіргіш
NAME_RUS	VARCHAR2	255	Орыс тіліндегі атауы
NAME_KAZ	VARCHAR2	255	Қазақ тіліндегі атауы
START_N	NUMBER	10	Тіркелетін құжаттардың бастапқы нөмірі
CREATE_DATE	DATE	7	Жасалған күні
DAPARTMENT_GUID	VARCHAR2	32	Бөлімшенің сәйкестендіргіші
PERSON_GUID	VARCHAR2	32	Құжатты қорға енгізген пайдаланушының сәйкестендіргіші
ARCHIV_DATE	DATE		Мұрағаттау күні
9 – DOC_MIGRATION_DATA			

Өріс	Түрі	Ұзындығы	Сипаттамасы
ID	NUMBER	10	Сәйкестендіргіш
GUID	VARCHAR2	32	Бірегей сәйкестендіргіш
FILENAME	VARCHAR2	255	Файлдың аты
DATA	BLOB		Мазмұны
FILESIZE	NUMBER	10	Файлдың өлшемі
DATE_CREATE	DATE	7	Жасалған күні
USERNAME	VARCHAR2	50	Пайдаланушының аты
DEP_GUID	VARCHAR2	32	Бөлімшенің сәйкестендіргіші
DESCRIPTION	BLOB		Сипаттау
COMMENTS	BLOB		Түсіндірмелер (автоматты жасалады, ақпарат қайсы кестеден алынды және жазба саны)
10 - DOC_MIGRATION_USERS			
Өріс	Түрі	Ұзындығы	Сипаттамасы
ID	NUMBER	10	Сәйкестендіргіш
LOGIN	VARCHAR2	50	Пайдаланушының логині
PASSWORD	VARCHAR2	16	Құпиясөз
FIO	BLOB		ТАӘ
11 - DOC_POSITIONS			
Өріс	Түрі	Ұзындығы	Сипаттамасы
ID	NUMBER	10	Сәйкестендіргіш
GUID	VARCHAR2	32	Бірегей сәйкестендіргіш
NAME_RUS	VARCHAR2	255	Орыс тіліндегі атауы
NAME_KAZ	VARCHAR2	255	Қазақ тіліндегі атауы
12 - DOC_PREFIXES			
Өріс	Түрі	Ұзындығы	Сипаттамасы
ID	NUMBER	10	Сәйкестендіргіш
PREFIX_NAME	VARCHAR2	250	Префикстің мәтіні
LOG_GUID	VARCHAR2	32	Журналдың сәйкестендіргіші
13 - DOC_PRINTED_REPORTS			
Өріс	Түрі	Ұзындығы	Сипаттамасы
ID	NUMBER	10	Сәйкестендіргіш
GUID	VARCHAR2	32	Бірегей сәйкестендіргіш
TEMPLATE_GUID	VARCHAR2	32	Шаблонның сәйкестендіргіші
PRINT_DATE	DATE		Басу күні
USERNAME	VARCHAR2	32	Пайдаланушының аты
DATA	BLOB		Мазмұны
14 - DOC_PRIVILEGES			

Өріс	Түрі	Ұзындығы	Сипаттамасы
ID	NUMBER	10	Сәйкестендіргіш
USERNAME	VARCHAR2	20	Пайдаланушының аты
PRIV_ADDEDIT_SUBJECTS	VARCHAR2	100	қосу/ субъектілерді редакциялау
PRIV_ADDEDIT_BOOKS	VARCHAR2	100	қосу/ журналдарды редакциялау
PRIV_ADDEDIT_DOINGS	VARCHAR2	100	қосу/істерді редакциялау
PRIV_ARCHIVES	VARCHAR2	100	Мұрағаттық ақпаратқа қол жеткізу
PRIV_PRINT_BOOKS	VARCHAR2	100	Журналдарды басуға артықшылық
PRIV_PRINT_REPORTS	VARCHAR2	100	Есептерді басуға артықшылық
PRIV_REGISTER	VARCHAR2	100	Құжаттарды тіркеуге артықшылық
PRIV_IMPORT	VARCHAR2	100	Деректерді импорттауға артықшылық
PRIV_EXPORT	VARCHAR2	100	Деректерді экспорттауға артықшылық

15 - DOC_RELATIONS

Өріс	Түрі	Ұзындығы	Сипаттамасы
ID	NUMBER	10	Сәйкестендіргіш
LOG_GUIDa)	VARCHAR2	32	Журналдың сәйкестендіргіші
REG_NUMBER a)	NUMBER	10	Тіркеу нөмірі
PREFIX_NAME	VARCHAR2	250	Префикс
PERSON_GUID	VARCHAR2	32	Құжатты тіркеген пайдаланушының сәйкестендіргіші
DOC_GUID	VARCHAR2	32	Құжаттың сәйкестендіргіші
DOING_GUIDб)	VARCHAR2	32	Істің сәйкестендіргіші
COMMENTS	VARCHAR2	250	Түсіндірмелер
RESERVED	VARCHAR2	1	Резервтегі нөмірдің белгісі

а) LOG_GUID, REG_NUMBER жолы болса, тіркеу журналына жазба түсіріледі.

б) DOING_GUID жолында жазба болса, құжатты іске тіркейді.

16 - DOC_SUBJECT

Өріс	Түрі	Ұзындығы	Сипаттамасы
ID	NUMBER	10	Сәйкестендіргіш
GUID	VARCHAR2	32	Бірегей сәйкестендіргіш

